

Астана қаласы «Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

Мектепте кәсіби бағдар беру жұмыстары оқушылардың болашақ мамандығын дұрыс таңдауға бағытталады. Осы мақсатта экскурсиялар, көрмелер, ашық есік күндері сияқты іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушыларды түрлі мамандықтармен және оқу орындарымен таныстыру жүзеге асырылуда.

Мақсаты:

Оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын қалыптастырып, болашақ мамандықты саналы таңдауға бағыттау.

Міндеттері:

- Оқушыларды мамандықтар әлемімен таныстыру;
- Экскурсиялар мен ашық есік күндері арқылы нақты ақпарат беру;
- Кәсіби қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға көмектесу.

Нәтижесі:

Кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижесінде оқушылар мамандықтар туралы білімдерін кеңейтіп, өз қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға мүмкіндік алады. Экскурсиялар, көрмелер және ашық есік күндері арқылы болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға бағыт-бағдар қалыптасады.

Өткізілген іс-шаралар:

15 қыркүйек күні 9 «А»және 9 «Д» сынып оқушылары «Автобусный парк №1» АҚ кәсіби бағдарлау **экскурсиясына** қатысты. Іс шараның негізгі мақсаты оқушыларды көлік саласының жұмысымен таныстыру, еңбекке баулу және болашақ мамандық таңдауда кәсіби бағдар беру. Экскурсия барысында оқушылар автопарктің жұмыс процесін, қызмет көрсету жүйесін, техникалық базасын көріп, өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды.



Халықаралық білім көрмесі

Мектебіміздің 9–11 сынып оқушылары 23 қазанда жастар саясатын қолдау орталығы ұйымдастырған «Bilim Keleshek–II» халықаралық білім көрмесіне қатысты.  Көрменің басты тақырыбы – жастарды кәсіби бағдарлау, Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарының қабылдау комиссияларының жауапты хатшыларымен кездесу болды.

Көрмеде TAU (Turan-Astana University), SDU (Suleyman Demirel University) және SU (Satbayev University) сияқты жоғары оқу орындарының өкілдері өз оқу бағдарламалары, білім беру бағыттары, гранттар мен шәкіртақылар жүйесі туралы жан-жақты ақпарат берді. Іс-шара барысында оқушылар еліміздің және шетелдің беделді жоғары оқу орындары, олардың оқу бағыттары мен қабылдау талаптары туралы кеңінен мағлұмат алды. Сонымен қатар, білім гранттары, жеңілдіктер мен шәкіртақылар жайлы ақпарат беріліп, грантқа түсу мүмкіндіктері мен талаптары түсіндірілді. Көрме оқушылардың жоғары білімге деген қызығушылығын арттырып, болашақ мамандығын саналы түрде тандауға зор ықпал етті.



15 қараша -**Ұлттық валюта күніне арналған экскурсиясына** 9«А» сынып оқушылары Байқоңыр ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына барды. Экскурсия барысында оқушылар салық және қаржы саласындағы қызметтің маңыздылығымен, сондай-ақ мемлекеттік қызмет мамандықтарының ерекшеліктерімен танысты. Басқарма қызметкерлері өз тәжірибелерімен бөлісіп, болашақта дұрыс мамандық таңдауға бағыт бағдар берді.



26 қараша күні біздің 9-сынып оқушыларымыз Басқару колледжінде өткен **Ашық есік күніне** қатысып, колледждің оқу процесімен және мамандықтар әлемімен жақын танысты.

Экскурсия барысында балалар бірнеше бағыттарды көрді:

- Қонақ үй ісі – қонақүй қызметін ұйымдастыру, сервис мәдениеті
- Дизайн – интерьер, графика, композиция негіздері
- Компьютерлік дизайн – цифрлық графика, анимация, мультимедия

Колледж мамандары әр бөлімнің ерекшеліктерін түсіндіріп, оқушыларға болашақ мамандық таңдауға бағыт беретін пайдалы ақпарат ұсынды. Балалар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, жаңа мүмкіндіктерді зерттеді.



Кәсіптік бағдар: медицина әлеміне сапар

25.11.2025ж. 11-сынып оқушылары Астана медицина университетінде болып, оқу орнының «**Ашық есік күніне**» қатысты. Оқушылар дәрігер мамандығының қыр-сырымен танысып, зертханаларды аралап, болашақ мамандық таңдауға арналған пайдалы ақпарат алды. 11-сынып оқушылары кәсіби бағдар беру жұмысының жоспарына сәйкес медицина университетіне арнайы барды. Сапар барысында оқушылар оқу орнының жалпы тарихымен, қалыптасу кезеңдерімен және қазіргі таңдағы жетістіктерімен жан-жақты танысты. Университеттің мұражайында медицинаның дамуы, оқу орнының көрнекті тұлғалары, ғылыми жетістіктері мен тарихи экспонаттар көрсетіліп, балаларға құнды ақпарат берілді. Сонымен қатар оқушылар әртүрлі медициналық бағыттар бойынша кәсіби қызметпен танысты. Акушерлік көмек көрсету ерекшеліктері, терапевт дәрігерінің күнделікті жұмысы, кардиология саласындағы зерттеулер мен диагностикалық әдістер жөнінде мамандар түсіндірме берді.

Бұл сапар оқушылардың медициналық мамандықтарға деген қызығушылығын арттырды. Мұндай кәсіби бағыттағы кездесулер түлектерге өз жолын анықтауға, мақсат қоюға және армандарға бір қадам жақындауға мүмкіндік береді.



1 желтоқсанда «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының, «International Centre of Scientific Collaborations» ұйымының хаты негізінде «YÖS Academy» орталығымен бірлесіп ұйымдастырылған **«Менің болашағым – менің кәсібім» тақырыбындағы кәсіптік бағдар беру көрмесіне** 9 «Ә» сынып оқушылары қатысты. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылар мен ата-аналарға болашақ мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат беру, кәсіби бағытты дұрыс таңдауға көмектесу және білім беру ұйымдары, жоғары оқу орындары мен оқушылар арасында біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастыру болды. Көрме барысында оқушылар жоғары оқу орындарының өкілдерімен, мамандармен тікелей тілдесіп, білім беру бағдарламалары, грант мүмкіндіктері, шетелде білім алу жолдары және заманауи мамандықтардың ерекшеліктері туралы маңызды мәліметтер алды. Сонымен қатар, кәсіптік бағдар беру бағытында кеңестер беріліп, қатысушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға арналған ақпараттар ұсынылды. Аталған іс-шара оқушылардың болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына, кәсіби өзін-өзі анықтауына оң ықпалын тигізді.

